ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ШАРДАРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
**«ШАРДАРА АУДАНДЫҚ
БІЛІМ БӨЛІМІ»**
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
**«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ШАРДАРИНСКОГО РАЙОНА»**
АКИМАТА ШАРДАРИНСКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161400, Түркістан облысы
Шардара қаласы, А.Сандыбаев туйығы 13 үй
тел (8-725-35) 2-21-51 факс 2-21-51
mail: roo_shardara1@mail.ru МM коды 4649403

161400, Туркестанской области,
город Шардара, тупик А.Сандыбаева, д. 13
тел (8-725-35) 2-21-51 факс 2-21-51
E-mail: roo_shardara1@mail.ru код ГУ 4649403

15.11.2011 ж. № 06/10-4/723

№ 770
15 11 22

**Мектеп басшыларына**

Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сәйкес сәйкес **9 желтоқсан Халықаралық Сыбайлас жемқорлықпен күрес** күнін атап өту аясында ауданның мектептерінің **«Адал ұрпақ»** мектеп клубтарының жиыны ұйымдастырылады. Аудандық жиын көшпелі форматта 3 аймақта өткізіледі. Әр мектептен 4 оқушы ( «Адал ұрпақ» клубының 8-9 сыныптардың мүшелері), жетекшісі ҚББП-ры қатыстырылады. Жиынға қатысушылардың сұранысын 2022 жылдың 21 карашасына дейін shameeva72@list.ru электрон почтасына жолдауды және қатысушы балалардың өмір, техника, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді сұраймын .

Қосымша 1

**Бөлім басшысының м.а.( қолы бар)А.Жантөреева**

Дайындаған: Т.Шамеева

Сканировано с CamScanner

**9 желтоқсан Халықаралық Сыбайлас жемқорлықпен күрес күнін атап өту аясында Шардара ауданы мектептерінің «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының жиынының ережесі**

**Жиынның мақсаты**

- «Әділетті қоғам» ұғымы аясында оқушылардың танымдық, шығармашылық, интеллектуалдық білімін көтеру;
- Өскелең ұрпақтың сыбайластыққа төзбеушілік іс әрекеттерін қалыптастыру
- Мектептердегі «Адал ұрпақ» клубтарының өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау;

**Жиынның кезеңдері:**

1. Аймақтық кезеңдер. 3 аймақта, 24 қарашадан – 3 желтоқсан аралығында
2. Аудандық кезең: 9.12.2022. Аудандық оқушылар үйінде сағат 10.00 де

**3 аймақ.**

**1 аймақ-М.Әуезов ат.ЖОМ базасында- 25 қараша сағат 10.00**

Шардара, Жаушықұм м/л, М.Әуезов, М.Горький, Б.Сокпакбаев ат.ЖОМ, № 12 ЖОМ,Қ.Аманжолов ат.ЖОМ, Ы.Алтынсарин ат.н/м

**2 аймақ – Ш.Уалиханов ат.ЖОМ базасында – 28 қараша сағат 10.00де**
С.Құрманғазы,А.Иманов,Ш.Уалиханов,А.Әлімбетоват.ЖОМ, Сырдария, Қоссейіт ЖОМ, С.Ерубаеват.ЖОМ ,Т.Айбергенов ат, м/г

**3 аймақ – Қазақстан ЖОМ базасында – 2 желтоқсан сағат 10.00де -**
С.Қаттабеков, Т.Тәжібаев ат.ЖОМ Ұзын ата,Қазақстан, Қызылқұм,Егізқұм,Ақ алтын ЖОМ

**Жиынға қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Жиынға «Адал құрпақ» клубының командасы клубтың арнайы туымен ( жаңа логотип) киім үлгісімен, эмблемасы, топтық ұранымен қатысуы тиіс.

**Шарттары:**

1. «**Адал ұрпақ**» клубының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмысы бойынша **презентация** жасау, қорғау ( слайд) -3 мин
2. **Кинофильм.** «Адалдық.Парасаттылық,Әділдік» тақырыбы аясында балалардың өздері түсірген, өздері роль ойнаған қысқаметражды кинофильм– 3 мин.

3.**Тақырыптық бүктеме.** «Адал ұрпақ» мектеп клубының мектеп оқушыларымен жүргізген насихат жұмысы туралы- 8 бет

4.**Тақырыптық эссе – «Адалдық» , «Парасаттылық» , «Әділетті қоғам»** тақырыптары аясында . 250-300 сөз

**Ескертпе:**
кезеңдерде жоғары дәрежеде дайындықпен келген командаларға I,II,II орындар тағайындалады.
Аймақтық кезеңдерден 3 мектеп ауданға іріктеліп алынады. Аудандық кезеңге 3 мектеп қатысып, I,II,III жүлделі орындарды иемденеді.

Жиын соңында үздік болып табылған мектеп командаларының жетекшілеріне Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Мадақтамасы» беріледі.

Сканировано с CamScanner

# Халықаралық Сыбайлас жемқорлықпен күрес күнін атап өту аясында «Адал Ұрпақ» мектеп клубтарының жиыны өтілді




Сканировано с CamScanner







Сканировано с CamScanner







Сканировано с CamScanner







Сканировано с CamScanner

# «Еркін ел ұрпағы» патриоттық Диктант



Сканировано с CamScanner

# Жемқорлықпен қалай күресеміз»
# пікір сайыс



Сканировано с CamScanner

# «Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді» тәрбие сағаты өтілді.



Сканировано с CamScanner

# «Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді» тәрбие сағаты өтілді.



Сканировано с CamScanner

# «Адалдық-ардың ісі» факультатив сабақ



Сканировано с CamScanner

# «Парасатты азамат» бұрышы ұйымдастырылды.




Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

№12 жалпы орта мектебі

# «Адал Ұрпақ»



Дайындаған: Абилханова Улдана

Досаева Ырысгүл

2022-2023 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

2022-2023 оқу жылындағы 25.11.2022ж күні «Өсімдіктану» үйірмесінде «Адал Ұрпақ» тақырыбындағы мәлімет.

## Адал Ұрпақ

Түркістан облысы, Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сәйкес 9 желтоқсан Халықаралық Сыбайлас жемқорлықпен күрес күнін атап өту аясында ауданның мектептерінің «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының жиыны ұйымдастырылады.

Жиынның мақсаты:

- «Әділетті қоғам» ұғымы аясында оқушылардың танымдық, шығармашылық, интеллектуалдық білімін көтеру;

- Өскелең ұрпақтың сыбайластыққа төзбеушілік іс әрекеттерін қалыптастыру;

- Мектептердегі «Адал Ұрпақ» клубтарының өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау;

Кезең:

1 аймақ

М.Әуезов ат. ЖОМ базасында 25 қараша күні, сағат 10:00 өтілді.

№12 жалпы орта мектебіміз 1 аймаққа түсіп, тапсырма шарттарды жақсы орындап шықты.

Жиынға «Адал ұрпақ» клубының командасы клубтың арнайы туымен (жаңа логотипі) киім үлгісімен, эмблемасы, топтық ұрандарын барлығын шартқа сай ұйымдастырып бардық.

Шарттары:

1. «Адал ұрпақ» клубының 2021-2022оқу жылында атқарған жұмысы бойынша презентация жасау, қорғау (слайд) – 3мин

2. Кинофильм. «Адалдық, Парасаттылық, Әділдік» тақырыбы аясында балалары өздері түсірген, өздері роль ойнаған қысқаметражды кинофильм-3мин.

3. Тақырыптық бүктеме. «Адал ұрпақ» мектеп клубының мектеп оқушыларымен жүргізген насихат жұмысы тауралы -8 бет.

Сканировано с CamScanner

4. Тақырыптық эссе.- «Адалдық»,«Парасаттылық», «Әділетті қоғам» тақырыптары аясында. 250-300 сөз. Берілген шарттары бойынша оқушылар керемет етіп қорғап шықты. Алдағы уақытта оқушыларға тілерім аймақтықтан, аудандықтан өтіп мектебімізді жоғары көтеріп І-орын алуларына тілектеспіз. Оқушыларымызға сәттілік тілейміз.

Көк бөрідей, жүректі қайраттымыз,

Жігерлі де, білімді, айбаттымыз.

Қыран құстай самғаймыз көк аспанда,

От болып жанған «Жалын» тобы Тек алға!!!

Дайындағын: Абилханова Улдана

Досаева Ырысгүл

Сканировано с CamScanner







Сканировано с CamScanner

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

**Мақсаты:**

«Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру.

Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру.

Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу.

**Сыбайлас жемқорлық түрлері:**

Күнделікті сыбайлас жемқорлық азаматтар мен лауазымды тұлғалардың өзара іс-қимыл жасайды.

Бизнес сыбайлас жемқорлық бизнес пен үкіметтің өзара әрекеттесу кездеседі.

Сыбайлас жемқорлық жоғарғы қуаты саяси басшылығымен және демократиялық жүйелерде жоғарғы сот тиесілі болып табылады.

**Жемқорлық** (лат. corruptlo – сатып алу) – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

Қазіргі кезеңде баршамызды алаңдатып отырған мәселе – қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы індеттің салдарынан еліміздің әр азаматы зардап шегіп отыр десек қателеспейтін шығармыз. Өйткені сыбайлас жемқорлық қоғам өмірінің барлық саласына тарап кеткені белгілі. Қоғамдағы орын алып отырған осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатуы ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиян әкелетіні аян. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ өте маңызды мәселе екені айқын. Және де бұл бағытта біз билік, оппозиция, тағы басқалар деп бөлінбеуміз қажет. Өйткені қоғамның әр мүшесі өзінің тұрмыстық, әлеуметтік және құқықтық мәселелерін шешу кезінде еріксіз сыбайлас жемқорлықтың кең етек жаюын тек биліктегі адамдардың ашкөздігімен ғана байланыстырамыз. Бір қарағанда пікір дұрыс сияқты болғанымен, қоғам өмірін бір ғана қырынан бағалау шындыққа

Сканировано с CamScanner

қиянат әкелуі мүмкін. Өйткені билікте қызмет істейтін адамдардың әрекеттері олардың білімдері мен рухани тәрбие алу деңгейі және өмірге деген көзқарастары мен ұстанымдарының әр алуан болуына байланысты, сондықтан да олардың барлығы дүниеқоңыздықтың құлы деп ұғу – адасушылық. Сонымен қатар, билік жүйесіне қатысы бар адамдардың сол жүйеде орын алатын келеңсіз құбылыстардың құрбаны болу мүмкіншілігі барын да естен шығармау қажет. Қазіргі қалыптасып отырған билік жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың тамыры мемлекеттің даму бағытын таңдау кезіндегі жасаған биліктің қадамдарына байланысты екенін де жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін осы құбылыстың пайда болуы мен оның табиғи дамуының негізін түсіне білу қажет. Яғни сыбайлас жемқорлықтың тамырын анықтау үшін адамзат өмірінің даму заңдылығымен байланыстыратын терең ғылыми сараптама негізіндегі тұжырымдама қажет. Бұл ғалымдардың міндеті. Түрлі ұғымдардың деректері бойынша, Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың деңгейі жағынан әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жағынан артта қалып қойған кейбір елдердің соңында келе жатыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресті зерттейтін халықаралық деңгейде мойындалған «Трансперенси интернэшнл» тәуелсіз ұғымның статистикасына сүйенер болсақ, соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан 100 мемлекеттен кейінгі төмен орынды иемденуде. Ал өткен жылы еліміз оданда төмен орынға қалыптасып, сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары елдердің арасында жүрміз.

Сканировано с CamScanner

Түркістан облысы

Шардара қаласы

№12 жалпы орта мектебі

## Дөңгелек үстелдің тақырыбы:

# «Адалдық - адамдық белгісі»

Орындаған: Үйірме жетекшілері

2022-2023 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

**Тақырыбы: Адалдық - адамдық белгісі**

Максаты: Жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, кателіксіз, уайым-кайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуна үйрету.

Оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері:

Адалдық пен шындықтан адами қарым қатынастағы мәнін түсіндіру

Адалдық, шынайылық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету;

Адал, шыншыл болуға тәрбиелеу.

Дөңгелек үстелге қатысушылар: 5-7 сынып оқушылары

Дөңгелек үстелде қарастырылады:

1. Адалдық қасиеттірін адам өміріндегі орны / пікірлері
2. Оқушыларға тақырып бойынша сұрақтары мен жағдаяттары/ жауаптар мен шешімдер.
3. Даналық сөздер

Жүргізуші: Өмірді неге ұқсатасын дегенде біреулер өзенмен, екіншілер ұзақ жолмен. Ағашқа тенейтіндер де көп, ал біреулер биік шыңдарға шығумен ұқсатады,ал сендер ше?

Мұғалім: Өмірді тұрғын үймен салыстырып көреік... Адамдар үй саларда сапалы болсын деп барлығын алдын ала жоспарлап, жерін өлшеп, тегістеп дайындайды. Адам жападан жалғыз үйді сала алмайды: отбасы мүшелері, достары, туысқандары, көршілері жәрдем береді. Фундаменті биік және берік болған үй ұзақ турады, Адамның өмірлік үйінің ірге тасы берік болу үшін ата-аналар, ұстаздар, барша қоғам адалдық пен шындықты міндетті түрде негізіне қалауы керек. Сонда ғана сүйікті ұлдары мен қыздары сенімін ақтай алады.

«Үяда не көрсен, ұшқанда соны илерсін» деген біздің ата-бабаларымыз.

Жетелеуші сұрақтар:

1. Адалдық деген ұғымды қалай түсінесің?
2. Сен қандай ұлсын( қызсын) өз ата-анаға?
3. Қандай доспын деп ойлайсың досына?
4. Адалдықпен доссың ба?
5. Шындықты бетке айта аласың ба?
6. Ата-ананды алдайсын ба? Не үшін?
7. Адалдық адамдық белгісі дегенді қалай түсінесің?
8. Адалдықты қандай жағдайда, қандай әрекеттерден көруге болады?
9. Өз адалдығыңды дәлелдеген кездерің болды ма? Қалай?

Сканировано с CamScanner

Жүргізуші: Әлемдік кеңістік аясындағы адам өмірі дегеніміз не? Бір ғана сәт, қас-қағым уақыт қана Жер-ана жасымен салыстырғанда. Бізге берілген осы қысқа ғана уақыт кескінін өзіміз үшін және өзгелер үшін ешқандай қиындықсыз өткізу маңызды емес пе?!

Жүргізуші: Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі

"Адалдық" деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық - пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінен де кездестіруге болады.

Осы тұста ұлы тұлғалардың осы тақырып төңірегінде айтқан ой толғамдарын азарларыңызға ұсынғанды жөн санап отырмыз.

«Адамның өз ұжданы алдында адал, шыншыл болу – өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады.»

*Әл-Фараби*

Шешен кісі сөз бастар,
Адал кісі - ел бастар.

*Жамбыл Жабаев*

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

*Мұхтар Әуезов*

Ойың адал болғанмен, орындағаның олақ болса, ұнатпадың деп өкпелей алмайсың.

*Ғабит Мүсірепов*

Асыл қасиет – адалдық, асыл міндет – адалдық.

*Максим Горький*

Адалдық қайда болса, тіршілік сонда.

*Қаюм Насыри*

Жақын болудың бірінші шарты – адалдық.

*Михаил Пришвин*

Адалдық танытатын адамға да адал бол.

*Плавт Тит Макций*

Адал болғың келсе, жаныңда адал достар болсын.

*Менандр*

Сканировано с CamScanner

Адалдық ұмытылса, ақыл мен ерлік – бос дыбыс.

*Вишакхадатта*

Сүйіспеншілік пен құрмет адалдыкка әкеледі.

*Габриэль Оноре Марсель*

Адалдык – өмірден қымбат.

*Ф. Шиллер*

Ғұмыр бойы бақытты болғың келсе – адал адам бол.

*Т. Фуллер*

Міне біз сіздермен адалдық ұғымын талдап, адалдыққа жатқызылатын касиеттеріне тоқталып, бір -бірімізді толықтырдық, жаңа мағлұматтар алдық, жағдаяттарды талдадық. Баршаңызға уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін көп рахмет айтамын.
Қазір мен жүрекшілер таратып беремін, осыған сіздер бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңіз бен тілектеріңізді, ұсыныстарыңызды жазып қалдырыңыздар.

Сканировано с CamScanner

# «2022ж - Балалар жылы»
# «Адалдық-адамдықтың белгісі»
# Тақырыбында дөңгелек үстел өтілді



Сканировано с CamScanner